

КЕЗЕКТЕН ТЫС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕЦЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №6 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 07.07.2026

Өткізілген орны: №17 «Шұғыла» бобекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№17 Шұғыла» бобекжай-балабақшасы МКҚК-ның мемлекеттік аттестаттаудан өтуге дайындық жұмыстары туралы

Мақсаты:

Білім беру қызметінің сапасын арттыру, білім беру ұйымы қызметінің тиімділігіне объективті талдау жасау және өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүйелеу.

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, педагог қызметкерлер

Торайымы: Жетилгенова Д.Н.

Хатшы: Оразғалиева Н.А.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдары аралығындағы мектепке дейінгі ұйым қызметіне талдау жүргізу.
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту.
3. Комиссия мүшелерінің функционалдық міндеттерін бөлу.
4. Өзін-өзі бағалау жұмысының жоспарын құру және бекіту.

ТАЛҚЫЛАНДЫ:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі **Жетилгенова Д.Н.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес және Ақтөбе қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің жоспарына сәйкес мекеменің алдағы кезеңде мемлекеттік аттестаттаудан өтетінін хабарлады.

Сонымен қатар, меңгеруші педагогикалық ұжымды аттестаттаудан өту тәртібімен, негізгі кезеңдерімен және білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау критерийлерімен жан-жақты таныстырды. Соңғы үш оқу жылындағы (2023–2026 жж.) ұйым қызметіне кешенді талдау жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Меңгеруші **Жетилгенова Д.Н.** өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру үшін комиссия құрамын бекітуді ұсынды.

Комиссия құрамы:

Комиссия торайымы:

– Жетилгенова Д.Н. – меңгеруші

Комиссия торайымының орынбасары:

– Курамысова Ж.А. – әдіскер

Комиссия мүшелері:

– Сактаганова А.А. – дене тәрбиесі нұсқаушысы

– Сорокина Т.В. – психолог

– Байгазина И.М. – медбике

Хатшы:

– Оразғалиева Н.А. – тәрбиеші

3-мәселе бойынша:

Комиссия мүшелері арасында функционалдық міндеттер төмендегідей бөлінді:

- Білім беру сапасына кешенді талдау жүргізу – Шульгина В.Р.
- Педагог кадрлармен қамтамасыз етілуі және сапалық құрамын талдау – Курамысова Ж.А.
- Тәрбиешілердің кәсіби жетістіктерін мониторингтеу, балалардың білімі мен дағдыларын диагностикалау – Сактаганова А.А.

– Медициналық қызмет көрсету және балалардың денсаулығын бақылау – Байгазина И.М.
– НОБД және «Дарабала» ақпараттық жүйелері бойынша құжаттарды ретке келтіру, толықтығын қамтамасыз ету – Сорокина Т.В.
Бұйрықтар қосымшалар бойынша Кунакбаева А.Б жауап береді

4-мәселе бойынша:

Өзін-өзі бағалау жұмысының жоспарын әзірлеу және бекіту қажеттілігі атап өтілді. Жоспарда атқарылатын жұмыстардың кезеңдері, мерзімдері, жауапты тұлғалар және күтілетін нәтижелер нақты көрсетілуі тиіс екені ескертілді.

ҚАУЛЫ:

1. «№17 Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының 2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдары аралығындағы қызметіне жүргізілген талдау жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мемлекеттік аттестаттаудан өтуге дайындық мақсатында өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамы бекітілсін:
 - Комиссия төрайымы: Жетилгенова Д.Н. – меңгеруші
 - Комиссия төрайымының орынбасары: Курамысова Ж.А. – әдіскер
 - Комиссия мүшелері:
 - Сактаганова А.А. – дене тәрбиесі нұсқаушысы
 - Сорокина Т.В. – психолог
 - Байгазина И.М. – медбике
3. Кунакбаева А.Б- тәрбиеші
4. Комиссия мүшелеріне бекітілген функционалдық міндеттерді сапалы әрі уақытылы орындау тапсырылсын.
5. Сорокина Т.В.-ға НОБД және «Дарабала» ақпараттық жүйелері бойынша құжаттарды толық ретке келтіру, жаңарту және сәйкестендіру жұмыстары тапсырылсын.
6. Өзін-өзі бағалау жұмысының жоспары әзірленіп, белгіленген тәртіппен бекітілсін.
7. Мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмыстары тұрақты бақылауға алынып, орындалу барысы туралы ақпарат мерзімді түрде ұсынылып отырсын.
8. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Төрайымы:  Жетилгенова Д.Н.

Хатшы:  Оразғалиева Н.А.

